

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Университет «Мирас»

**2016-2020 жылдарға  
үштілділік білім енгізу  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ПРОГРАММА  
внедрения трехязычного образования  
на 2016-2020 годы**

Университет ОӘК отырысында талқыланды  
Обсуждено на заседании УМС университета  
№ 9 Хаттама «22» 04 2016ж.  
Протокол № 9 «22» 04 2016г

Университет ҒК отырысында бекітілді  
Утверждено на заседании УС университета  
№ 9 Хаттама «29» 04 2016ж.  
Протокол № 9 «29» 04 2016г.



Шымкент 2016 ж.



ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК Кеңестің отырысында ТАЛҚЫЛАНДЫ, 2016 жылдың «22» сәуір айында, хаттама № 9.

«Мирас» университеті Ғылыми кеңесінің «29» сәуір 2016 жылдың №9 хаттамасы шешімімен 1.05.2016 жылдан бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.

Бағдарламада «Мирас» университетінде 2016-2020 жылдарға үш тілді білім беруді енгізу және дамытудың негізгі принциптері іске асырылған. Бағдарлама (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 5.11.2016 жылғы № 622 бұйрығымен бірлескен Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму жөніндегі Министрінің 13.11.2015 жылдың № 344 бұйрықтары) «2015-2020 жылдарға үш тілді білім беруді дамытудың жол картасына» сәйкес құрастырылған, үш тілді білімнің концепциясын, оның мақсаттарын және міндеттерін, іске асыру кезеңдерін анықтайды.

Аталған бағдарлама «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және Оқу орны білім беру қызметінде ішкі қолданыс үшін арналған.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президенті-Ұлт лидері Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының ең маңызды басымдықтарының бірі «Қазақстан2050» Құрылымы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы болып табылатын - білім мен кәсіби дағдылар- заманауи білімнің, кадрлерді дайындаудың және қайта даярлаудың маңызды бағыты болып табылатын білім. Дамыған бәсекеге қабілетті мемлекет атану үшін, біз жоғары білімді ұлт атануымыз керек.

Қазақстандағы оқыту реформаларының ортақ мақсаты – білім жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортағы бейімдеу болып табылады. 2007 жылы мемлекеттік деңгейде «Тілдердің үштігі» атты Ұлттық мәдени жобасы қабылданды. Оның мақсаты – қазақ тілінің деңгейін әлемдік деңгейге көтеру, елде үш тілді тең және толыққанды оқу және қолдану үшін барлық қажет жағдайларды жасау: мемлекеттік, орыс және ағылшын. Ол жерде Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаев «... заманауи қазақстандық азаматтың үш тілді меңгеруі – өзінің әл-ауқаты үшін міндетті жағдай болып табылады. Сондықтан 2020 жылға дейін ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі 20 пайыздан кем болмауы керек. Қазақстан бүкіл әлем бойынша жоғары білімді мемлекет ретінде, үш тілді қолданатын мекен ретінде қабылдануы керек. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт аралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға сәтті интеграция тілі» деп айтады.

Қазіргі таңда шетел тілін білу, мәні бойынша, оның зор ақпараттар легімен және инновациясымен үлкен жаһандық әлемге есік ашады. Шет ел тілін меңгеру шет мемлекеттердегі әлемнің үздік оқу орындарында білім алуға мүмкіндік береді және жер шарының алдыңғы қатарлы елдерінде практикалық тәжірибе алу мүмкіндігін береді.

Жоғары білімді интерұлттандыру – ұлттық, салалық және инситуттық деңгейде жүретін процесс, ондағы білім беру қызметін ұсынудың мақсаттары, функциялары және механизмі халықаралық сипатқа ие болады. Қазіргі таңда білімді интерұлттандыру мемлекет тарапынан ұлттық, саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған мақсатты саясатының нысаны мен затына айналып отыр.

Білімді интерұлттандыру оқыту мақсатында студенттердің немесе професорлық-оқытушылар құрамының ұтқырлығы секілді; оқыту бағдарламаларының ұтқырлығы және институттық ұтқырлық; оқыту бағдарламаларының жаңа халықаралық стандарттарын қалыптастыру; халықаралық өлшемдегі оқу бағдарламаларына және оқыту стандарттарына интеграция; институтционалдық серіктестік секілді өзара серіктестік формаларынан тұрады.

Студенттердің, оқытушылардың және қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы, шетелдік ғалымдарды тарту – Болондық Декларацияның негізгі принциптерінің бірі және заманауи оқу мекемесі қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру үшін 2016-2020 жылдарға арналған үш тілді білім беру Концепциясы қажет. Үш тілді білім беру мақсатты бағытталған, ұйымдасқан, нормаланған үш бірыңғай оқытудың, тәрбие және тұлғаны поли тілдік тұлға ретінде дамыту процесі. Жасалынған Концепциясында үш тілді білім беру үш тілді оқытуды кезеңді енгізу процесі ретінде қаралады.

Концепция 2016-2020 жылдарға оқу орындарындағы білімнің құрылымындағы, мазмұнындағы және технологияларындағы өзгерістерді қамтитын ресурстар және іс-шаралар мерзімі бойынша өзара байланысты кешеннен тұрады.

## 1 «Мирас» университетіндегі үш тілді білім беру концепциясы

Концепция атауы	2016-2020 жылдарға арналған «Мирас» университетіндегі үш тілді білім беру концепциясы
Жасау үшін негіздеме	1996 жылы 4 қарашада Қазақстан Республикасының Президентінің Өкімімен расталған «Қазақстан Республикасының тілдік саясат концепциясы»; ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылдың 11 шілдесіндегі Заңы, 2004 жыл 20 желтоқсандағы өзгерістері мен толықтыруларымен; Президенттің жарлығымен 29.06.11 жылы бекітілген «2011-2020 жылдарға арналған тілдерді функционалдыру және дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы; 2011 ж, № 110; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 3 тарау, 5 тармақша, 2007 жылдың 27 шілдесі, № 319 ІІІ; 2015-2020 жылдарға үш тілді білім беруді дамытудың Жол картасы; Қазақстан Республикасы Президенті-Ұлт лидері Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан2050» Құрылымы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси курсы, 2012 жылдың 14 желтоқсаны.
Мақсаты	Үш тілдегі оқудың инновациялық технологияларын оқу процесіне енгізу арқылы бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған үштілді білім беруді іске асыру.
Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> <li>— «Мирас» университетінде үш тілді орта құру;</li> <li>— Үш тілді білім беруді іске асыру арқылы студенттердің кәсіби құзіреттерін дамыту үшін жағдай жасау;</li> <li>— Үш тілді білім беруді сәтті енгізу үшін нормативтік базаны жасау;</li> <li>— Ағылшын тілінде бейінді және арнайы пәндер бойынша оқулықтарды, оқу қосымшаларын дайындау және баспалау; сонымен қатар электронды нұсқаларын;</li> <li>— Қағаздық және электронды нұсқаларда 3 тілдегі материалдардан тұратын оқу-әдістемелік қолдаулы 100% қамтамасыз ету;</li> <li>— Оқыту бағдарламаларының құзіретті-тілдік моделін жасау;</li> <li>— Студенттер үшін шет тілдерін оқудың барлық курсы кезеңінде тілдерді оқудың деңгейлік моделін енгізу;</li> <li>— Университет базасында тілдік курстарда ПОҚ біліктілігін көтеруді қамтамасыз ету;</li> <li>— ПОҚ біліктілігін үш тілді білім беру жағдайында оқыту әдістемесі бойынша көтеруін қамтамасыз ету.</li> </ul>
Іске асыру мерзімдері (кезеңдері)	2016-2020 жылдар. Бағдарлама екі кезеңде іске асатын болады: Бірінші кезең: 2016-2017 жылдары Екінші кезең: 2017-2020 жылдар.
Қолданысқа енгізіледі	2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап
Бекітілді	«Мирас» университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен.

## 2 Политілдік білімнің Концепциясының мақсаты, міндеттері және принциптері

**Мақсаты:** оқу процесіне үш тілдегі инновациялық технологияларды енгізу арқылы бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған үш тілді білімді іске асыру.

Алған қойған мақсатқа жету келесі міндеттерді іске асыру арқылы мүмкін болып табылады:

- Үш тілді білімді сәтті енгізу үшін нормативтік базаны жасау;
- Шетел тілінде тілдік емес мамандықтар бойынша сабақ беретін ПОҚ ынталандыру жүйесін жасау;
- 20 % пән екінші тілде және 30% ағылшын тілінде өтілетін оқу бағдарламаларын жасау;
- Үш тілді білімді ақпараттық қолдау бойынша медиа-жоспарын жыл сайын жасау;
- Үш тілді білімді іске асыру арқылы студенттердің кәсіби құзіреттерін дамыту үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын оқу процесіне интеграциялау;
- Ағылшын тілінде кәсіби және арнайы пәндер бойынша оқулықтарды, оқу қосымшаларын, сонымен қатар электронды нұсқада дайындау және жариялау;
- Ағылшын тілінде оқу-әдістемелік 100% қолдауды қамтамасыз ету;
- Казак/орыс тілдерінде, ағылшан тілі секілді, оқу-әдістемелік 100% қолдауды қамтамасыз ету;
- Оқыту бағдарламаларының құзіретті-тілдік моделін жасау;
- Тілдерді оқудың деңгейлік моделін енгізу;
- Халықаралық студенттік жобаларға қатысудың іс-шаралар жоспарын жасау;
- Халықаралық жобаларда және ұйымдарға қатысатын студенттерді ынталандыру жүйесін жасау;
- Дәстүрлі формада секілді, сонымен қатар қашықтықтан формасындағы студенттердің тілдік және коммуникативтік құзіреттерін дамыту іс-шараларының жоспарын жасау.

**Принциптері:** үш тілді білімнің принциптері білім мен ғылымның негізгі принциптеріне сәйкес тұрғызылады, және интерұлттандыруға, студент/түлектердің халықаралық еңбек нарығында сәтті бейімделуіне бағытталған.

- 1) Курстардың, бағдарламалардың халықаралық стандарттары, бағалаудың халықаралық критерилерімен **Тазалық және қатынастың принципі**.
- 2) Мамандықтардың пәндерін оқытудың құрылымының **бірлігі мен түрлілігі**, бұл дегеніміз:
  - 1) Базалық концепцияның барлық факультеттері, курстардың ұйымдары үшін, сонымен қатар бақылаудың формалары және құралдары, бағалау критерилері;
  - 2) Арнайы мақсат пен әртүрлі факультеттердің түрлі міндеттерінің есебін жобалайтын құрылымның ыңғайлылығы, бітіруші кафедраның сұранысына байланысты нақты бір курстың мазмұнын жасау барысында, сонымен қатар таңдау бойынша курстың негізгі оқыту бағдарламаларын толықтыру;

- 3) Студенттерде мамандық бойынша шетел тілінде мәдениет аралық қарым-қатынасқа қабілетті дамытуды қамтамасыз ететін **коммуникативтік-мәдениетаралық өзара іс-әрекет** принципі.
- 4) Пәндерді шетел тілінде оқу кезеңінде үйлесімді мазмұны мен технологияларды іске асыруға жалпы концептуалды тәсілдерді жоспарлайтын **үш тілді білімнің үзіліссіз және сабақтастық** принципі.
- 5) Түрлі пәндер салаларында алынған білім, дағды және қабілеттердің бүтін бір спектріне тірекпен нақты пайда болған проблемеларды шешу арқылы оқу процесін ұйымдастырудың **проблемалық** және интерактивтік принципі.
- 6) Білімнің пәндік мазмұны және студенттің оқу процесіне қызметтік қатысуы арқылы білдірілетін оқу процесінің **жекелік және индивидуалдық бағыттылығы**.
- 7) Пәндік білімді меңгеру барысында шетел тілін **шығармашылық, когнитивті-қызметтік қолдану** принципі.
- 8) Полимәдени әлемде өмір сүру, әлеуметтік-экономикалық өмірде, кәсіби қызметтегі **өзгерістерге бейімделу және икемділік** принципі.
- 9) Шетел тілін кәсіби мақсатта қолдануды білдіретін **кәсібилік** принципі.
- 10) Студенттердің шетел тілін белгісіз меңгеруі мақсатында білім алушыларды және тапсырма бағыттаушыларды қолдану арқылы мазмұнның **қол жетімділік** принципі.

### 3 Ағымдағы жағдайдың талдауы

«Мирас» университеті 1997 жылы ашылды және Қазақстанда оқытудың кредиттік технологиясын енгізу бойынша эксперименттік алаң болып табылды. Құрылған сәтінен бастап онда тілдерді меңгеруге аса үлкен көңіл бөлінген. 1998 жылдан бастап университеттің ректорының шешімімен қазақ тілді оқу топтарында орыс және ағылшын тілін оқуға, және орыс тілді оқу топтарында қазақ және орыс тілдерін оқытуға сағаттар саны, мемлекеттік білім стандартына қарағанда, 2 есе үлкейтілген. «Мирас» университетінің алғашқы түлектері өз қалаулары бойынша дипломдық жұмысын ағылшын тілінде қорғады.

1998 жылдан 2003 жылға дейін «Қазақстан тарихы» пәні орыс тілді оқу топтарында мемлекеттік тілде, ал қазақ тілді топтарда орыс тілінде оқылған. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу қосымшалары екі тілде жарық көрді.

Педагогикалық факультетте қосымша пәндер енгізілген болатын: «Пушкинтану» пәні қазақ топтарында орыс тілінде, «Абай тану» пәні орыс топтарында қазақ тілінде оқылған.

Құқық факультетінің студенттері үшін 1997 жылдан 2000 жылдарға дейін Англия елінен оқытушы, құқық ғылымдарының докторы Шелл Хулак ағылшын тілінде «Контрактілік құқық» курсы оқыды.

2011 жылы химия және биология кафедрасында «Сілтілік және сілтілік жер металдар химиясы» және «Бейорганикалық байланыстардың негізгі кластары» пәндері сол секілді қазақ топтарында орыс тілінде, ал орыс топтарында қазақ тілінде оқылды. 2013 жылы дәл осы кафедрада «Химиялық реакциялар» пәні ХМ-211к-1 тобында үш тілде оқылды: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

2010 жылдан бастап «Информатика және ақпараттық технологиялар» кафедрасында үшінші курстан бастап барлық арнайы пәндер орыс тілінде оқылды.

2011 жылы «Мирас» университетінің «Политілдік білім туралы ережесі» алғашқы рет жасалды.

2004 жылдан бастап ағылшын тілін жетік меңгерген студенттерге оқуға жеңілдіктер ұсынылды, ал 2013 жылдан бастап мұндай студенттерге оқуға 100 % жеңілдіктер енгізілді. Сонымен қатар 2015 жылы бұл шешім магистранттарға үшін де қабылданған болатын. Жыл сайын «Мирас» университетінде осындай шарттарда 5-6 адам білім алады.

Концепцияны іске асыру «Мирас» университетінде поли тілді ортаны құруға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде, үш тілді білімді іске асыру арқылы білім алушылардың кәсіби құзіреттерін дамытуға әсер етеді; мамандардың халықаралық нарықтағы сұранысын көтереді; «Мирас» университеті түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі көтеріледі; оқыту деңгейі халықаралық стандарттарға сай болады.

Осылайша, аталған Концепция университеттің білім жүйесінің болашақтағы модернизациясын білдіреді және интерұлтты білімнің жетістігін білдіреді.

Концепцияны іске асыру нәтижесінде оқу пәндерінің 30 % ағылшын тілінде, ол 20% оқу пәндері қазақ және орыс тілдерінде, оқу тіліне сәйкес шетел тілінде секілді, оқытылатын болады.

2012 жылдан қазіргі таңға дейін үш тілді білім беруді іске асыру үшін келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді:

- 2012 жылдан бастап барлық мамандықтардың студенттері үшін «Шет тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» курстары (ҚР Үкіметінің №1080 қаулысымен 23.08.2012 жылы бекітілген «Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарты»);
- Мөлшері 6 кредиттен тұратын 2 курстың барлық мамандықтарының студенттері үшін таңдау бойынша курс ретінде «Ағылшын тілінің практикалық курсы» курсы (2013-2014, 2014-2015 оқу жылдары);
- Мөлшері 6 кредиттен кем болмайтын, 2 курста ағылшын тіліндегі арнайы пәндерді оқу (2015-2016 оқу жылы);
- Ағылшын тілінде халықаралық жобаларға қатысқан студенттерді мадақтау, мысалы «БҰҰ Моделі» конференциясында, халықаралық ұйымдарда мүшелік, мысалы Y-Peer және AEISIC.



#### 4 Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Концепция екі кезеңде іске асатын болады: 2016-2017 жылдар және 2017-2020 жылдар. Бірінші кезеңде Концепцияны іске асыруда қарастырылған:

- Үш тілді білімді сәтті енгізу үшін оқу бағдарламаларын жасау;
- Үш тілді білімді іске асыру арқылы білім алушылардың кәсіби құзіретін көтеру үшін жағдай жасау;
- Шетел тілінде оқылатын пәндер үшін шетел тілінде оқу-әдістемелік көмекші құралдарын жасау;
- Ағылшын, қазақ/орыс тілдерінде, шетел секілді, оның ішінде электронды нұсқада және университет порталында оқулықтарды, оқу қосымшаларын дайындау және жариялау;
- Оқыту бағдарламаларының құзіретті-тілдік моделін жасау;

Екінші кезеңнің іс-шараларын іске асыру үшін қажет:

- ПОҚ пәндерді және шетел тілдерін интеграциялы оқытудың әдістемесі мен принциптеріне оқыту мақсатында біліктіліктерін көтеру курстарын ұйымдастыру;
- Интерактивті әдістемелерді қолдану арқылы, шетел тілін меңгеру деңгейінің Еуропалық жүйесіне сәйкес B1 деңгейінің курсын, студенттердің аяқтауы мақсатында заманауи техникалық құралдарын және веб-технологияны қолданып, 1 курста «Шет тілі» пәнін оқу;
- Пәндерді интеграциялық оқу және ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде шетел тілі секілді оқуды енгізу;
- Шетел тілінде пәндерді оқуды техникалық және әдістемелік қолдауды толықтыру;
- Пәндерді ағылшын тілінде оқуды 3 модель бойынша ұйымдастыру:
  - 1) “co-teaching” – шетел (ағылшын) тілі оқытушымен бірлесіп кәсіби және арнайы пәндерді оқу. Аталған модель пән оқытушысының басқа тілдік құзіреті деңгейін көтеруге әсер етеді, сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиетті және материалдарды сапалы жасауға әсер етеді;
  - 2) Ағылшын тілін меңгерген бизнес-құрылымдардан, өндірістік базалардан мамандарды тарту. Аталған модель, маманның кәсіби қызметінен кейсті қолдану арқылы пәндік білімді зерттеу барысында шетел тілін **шығармашылық, когнитивті-қызметтік қолдану** принципі секілді, оқудың келесі принциптерін іске асыруға әсер етеді. Сонымен қатар жаңаланған нормативтік актілер және заңдармен сәйкес кәсіби қызметте, әлеуметтік-экономикалық өмірдегі **өзгерістерге икемділік және бейімдік** принциптері де сақталады. Онымен қоса, аталған модель студенттерді бизнес-құрылымдарға керек аналитикалық, зерттеу жұмыстарын жасауды арттыруға әсер етеді. Өз кезегінде мамандарға өндірістік іс-тәжірибеге және ағылшын тілінде іс-тәжірибе базасының материалдары бойынша дипломдық жұмысты жазуға тартуға әсер

етеді. Аталған тәсіл мамандарды мақсатты дайындауды қамтамасыз ете алады. Оқу процесі кезеңінде және ғылыми зерттеу орындау барысында, болашақ маманға талаптары бар маман, оқу процесіне «ену» мүмкіндігі бар болып табылады.

- 3) Оқыту бағдарламаларының бейініне сәйкес шетел мамандарын бейіндік және арнайы пәндер бойынша семинарлық сабақтарын өткізу үшін тарту. Аталған модель, шетел тілінде мамандықтар бойынша **мәдениет аралық қарым-қатынасқа** студенттердің қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін, коммуникативтік-мәдениет аралық өзара іс-әрекет принципі секілді оқу принциптерін іске асыруға әсер етеді. Шетел тілін еркін меңгеру, сонымен қатар пәнді кәсіби білу, мазмұнның **қол жетімділігі** принципін іске асыруға әсер етеді.

Екінші кезеңде басымдық, шетел тілінде оқытылатын пәндерді кеңейтуді және оқыту сапасын көтеруді білдіретін іс-шараларды іске асыруға беріледі.

### **Күтілетін нәтижелер:**

2020 оқу жылына дейін «Мирас» университеті үш тілді кәсіби меңгерген тұлғалардың құзіретін дамыту және білімнің жоғары сапасы түрінде нәтиже беретін болады.